



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2021 жылғы 24 қыркүйек пен 1 қазан аралығындағы
жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2021 жыл, 4 қазан

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 1 қазанда теңгенің нарықтық бағамы бір апта ішінде 0,5%-ға (423,91 теңгеден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 425,94 теңге деңгейінде қалыптасты. China Evergrande Group қытай құрылысшысының борыштық проблемалары мен АҚШ қазынашылық облигациялары кірістілігінің өсе түсуіне байланысты АҚШ долларының жаһандық нығаюы аясында дамушы нарықтар валюталарының серпіні көбінесе теріс болды. Сонымен қатар, облигациялар бойынша дефолтты болдырмау үшін АҚШ мемлекеттік борышының лимитін арттыруға қатысты мәселе инвесторлардың тәуекел-сентиментіне теріс әсер етеді.


Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының¹ серпіні төмендегідей қалыптасты:

- **Оңтүстік Африка ранды** елдегі карантиндік шектеулердің жеңілдетілуіне және халықаралық әуе хабарларының қайта жандануына байланысты туристердің ОАР ұлттық валютасына сұранысының артуы аясында 0,5%-ға (14,95-тен 14,88-ге дейін) нығайды;
- **Ресей рублі** шектеулі ұсынысқа байланысты мұнай бағасының өсуі аясында 0,3%-ға (72,88-ден 72,67-ге дейін) нығайды;
- **түрік лирасы** 0,3%-ға (8,89-дан 8,86-ға дейін) нығайды. Үкімет айырбас бағамын қолдау үшін ұлттық валютада көрсетілген құралдардан алынған кірістер бойынша салықтық жеңілдіктерді жыл соңына дейін ұзартты;
- **Индонезия рупиясы** теріс тәуекел-сентименті аясында 0,4%-ға (14 258-ден 14 308-ге дейін) әлсіреді. Шетелдік инвесторлар бір апта ішінде Индонезияның МБҚ салымдарын шамамен 382 млн АҚШ доллары сомаға азайтты;
- **Бразилия реалы** 0,4%-ға (5,34-тен 5,36-ға дейін) әлсіреді. Орталық банк 500 млн АҚШ доллары мөлшерінде своп аукционын өткізу туралы хабарлай отырып, ұлттық валютаны қолдауға дайын екені жөнінде белгі берді;
- **үнді рупиясы** АҚШ доллары бағамының жаһандық нығаюы мен мұнай бағасының бір баррель үшін 80 долларға жетуі аясында 0,6%-ға (73,69-дан 74,13-ке дейін) әлсіреді;
- **Мексика песосы** реттеушінің мөлшерлемені 4,75%-ға дейін 25 б.т. көтеруіне қарамастан, 2%-ға (20,05-тен 20,45-ке дейін) әлсіреді.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары


Дамушы елдердегі валюта бағамдарының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %

(2021 жылдың басынан 1 қазанға дейінгі аралықта)





Дамушы елдердегі валюта бағамдарының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %

(2021 жылғы 24 қыркүйек пен 1 қазан аралығында)



**Дамушы елдер валюталарының серпіні
(2021 жылғы 17 қыркүйек =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)**



Толық ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz